

Бекітемін:

ЖК Н.И.Гайым «Ақбөбек» балабақшасы

Әдіскері: Балға Ж. Балғабаева

2026жыл

Білім беру ұйымы «Ақбөбек» балабақшасы

Топ: «Балдыртан» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жасан

Педагогтың аты-жөні: Бажиева А.М

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қаңтар айы 2026 жыл 2 апта

Қаңтар заң және тәртіп айы

Мінез-құлық нормалары мен ережелерді білу.

Үлкендерге құрмет көрсету

Үйде, балабақшада, қоғамда өзін дұрыс ұстай білу

Күн тәртібі	Дүйсенбі 12.01.2026 ж	Сейсенбі 13.01.2026 ж	Сәрсенбі 14.01.2026 ж	Бейсенбі 15.01.2026ж	Жұма 16.01.2026 ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Баланың өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәрменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Стирлі түс Қызыл, сары, көк түсті гуашь, су, Пластмалдық шпатель. 1. Балалар а үш негізгі түсті көрсетіңіз. 2. Қызыл мен сарыны араластыра, қандай түс пайда болатынын сұраның. (Мысалы: қызыл + сары = қызғылт сары). 3. Барлық түстерді араластырып, нәтижесін бақылату Зерттеу әрекеті	Балалардан бүгін қай мезгіл, аптаның қай күні туралы сұрау. Қарточкалар арқылы тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) Дидактикалық ойын «Бұл қай кезде болады?» күн тәртібіндегі іс әрекеттерді тәулік бөлігінің қай кезінде болатынын айту. математика негіздері	Ойынның ойнату. әр баланы жүргізуші етіп, тапсырмаларды орындату. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді пысықтау (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). математика негіздері	Ұшақ пен кемелердің суреттерін көрсету. Кім ұшаққа немесе кемеге мініп жорді сұрау. Алған әсерлері туралы сұрау. Ұшақ қалай ұшады, кеме қалай жүзеді ойын арқылы көрсету, әңгімелесу. Тіл дамыту	Асық ату Мергендік, дәлдік және ептілік қабілеттерін арттыру. Ойын барысы: Балалар асықтарды белгілі бір қашықтықтан сақамен атып, сызықтан шығаруға тырысады. - Кім көп асық шығарса, сол жеңеді. Бір тұтас тәрбие
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. Міндеті: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				
Кестеге сәйкес ҰІӨ	Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар Қолды жоғары созу. Алға еңкею арқа	Қазақ тілі «Төлдер қалай шақырылады» Тілдік дамытушы орта:	Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар Қолды жан-жаққа созу. Дене бұру, айналу.	Музыка Тақырыбы: Музыка сөйлейді Музыка тыңдау: Музыканың қатты және ақырын бөліктерін тыңдап	Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар Қолды жоғары-төмен қозғалту.

бұлшықеттерін созу. Жеңіл жүгіру денені қыздыру. Негізгі қимыл Орнынан жоғары секіру. Алға ұмтылып секіру. Секіргішпен қатар секіру 4-5 рет. Қимылды ойын «Ұшқыштар» Балалар қимыл бағытын өзгертіп, жеңіл жүгіріп, секіріп орындайды. Ырғақтық жаттығу Музыка ырғағымен секіру, қолды көтеру. Қорытынды Тыныс жаттығулары: «гүлді иіскеу». Жүрісті баяулату.	Балалар төлдер бейнеленген суреттерді қолданып, сахналық ойындарда төлдерді шақыру көріністерін орындайды. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Артикуляциялық жаттығу «Дауысты сөз». Ұ, і дыбыстарын анық айту, дауыс күшін реттеу. Сөздік қор: төл, козы, бұзау, құлын, бота Тілдің грамматикалық құрылымы: Жай сөйлемдер құрау Бұл козы. Бұл бота. Байланыстырып сөйлеу: Төлді қалай шақыратынын айтып беру. Ойын: «Төлің шақыр» Бала төлдің атын айтып, оны шақырып көрсетеді Музыка Тақырыбы: Музыка ны сезіміміз Музыка тыңдау: Таныс шығарманы қайта тыңдау, оның	Жеңіл жүру, кадамды үлкейту. Негізгі қимыл Шаңғысыз сырғанауды көрсету аяқтың сырғанау қозғалысы. Шаңғыны ересекпен бірге қию және шешу. Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру. Қимылды ойын «Ізбен жүру» Балалар шаңғы ізі сызылған жолмен жүреді. Ырғақтық жаттығу Музыкамен сырғанауды бейнелейтін қимылдар. Қорытынды Демді қалпына келтіру, баяу жүріс.	ажырату. Ән айту: Әнді сүйемелдеусіз айтуға талпындыру, тәрбиешінің көмегімен орындау. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдарды музыка ырғағымен дәл келтіру. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әннің ырғағын сазсырнаймен сүйемелдеу. Билер: Жүппен би қимылдарын орындау.	Алға-артқа еңкею. Жеңіл жүгіру. Негізгі қимыл Допты жоғары лақтыру және қағып алу. Құрсаудан өту және астынан еңкею. Бір аяқпен секіруді дамыту. Қимылды ойын «Допты қуып жет» Домалаған доптың артынан жүгіріп, оны тоқтату. Ырғақтық жаттығу Музыка ырғағымен допты домалату, жоғары көтеру. Қорытынды Тыныс алу жаттығулары, баяу жүру.
--	---	--	--	---

		көңілді немесе сабырлы екенін анықтау. Ән айту: Әнді аспаптың сүйемелдеуімен барлығымен бір қарқында айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыкаға сәйкес қол, аяқ қимылдарын орындау. Екінші бөлімде қимылды өзгерту. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Сазсырнайда қарапайым дыбыстарды орындау. Билер: Музыкалық қимылдарды ойын элементтерімен орындау.			
«Жабайы жануарлармен танысу» Тіл дамыту: Жаңылтпаш: «Жолда жүрді жабайы жануарлар». Жануар атаулары: қасқыр, аю, түлкі, қоян. Сан есімдер: бір аю, екі қоян, үш түлкі. Сурет бойынша өңімелеу: «Орманда	«Аюдың өлемі» Тіл дамыту: Такпак: «Аю батыр, аю мықты». Сөздер: апан, бал, орман. Сан есімдер: үш апан, екі жеміс. Сурет бойынша сөйлемдер: «Аю бал жейді». Көркем әдебиет:	«Түлкінің қулығы» Тіл дамыту: Жаңылтпаш: «Түлкі тұмсығын тығыпты». Сөздер: түлкі, ін, құйрық. Сан есімдер: бір түлкі, үш құйрық пішіні. Әңгіме құрату: «Түлкі орманда нені іздеп жүр?» Көркем әдебиет: «Түлкі мен қасқыр» ертегісін сахналау.	«Қасқыр — орман күзетшісі» Тіл дамыту: Такпак: «Қасқыр жортар, саққұлақ». Сөздер: қасқыр, жаңға, үңгі. Сан есімдерді септікпен қолдану: «екі қасқырға қарадым». Сурет бойынша оқиға құрату. Көркем әдебиет: «Қасқыр мен жеті лақ» ертегісін тыңдау.	«Жабайы жануарларды қорғау» Тіл дамыту: Жаңылтпаш: «Жануарларға жанашыр бол». Етістіктер: қорға, күт, сақта. «Жануарларды не үшін қорғау керек?» тақырыбында қысқа әңгіме. Бұйрықты сөйлемдер: «Қара», «Тоқта», «Тиіспе».	

	жануарлар қалай өмір сүреді?» Көркем әдебиет: «Аю мен қоян» әңгімесін тыңдау. Қимылмен бейнелеу: аюдың ауыр жүрісі, қоянның секіруі. Қазақ тілі: Қазақша дыбыстар: қ қасқыр, ғ аюдың ырғағы. Сөздік қор: орман, ін, апан. Жай сөйлем құру: «Қасқыр жүгіріп жүр».	«Аюдың тәттісі» ертегісін тыңдау. Аюдың әрекетін сахналау. Қазақ тілі: Дыбыстар: ұ аю, ү қүн. Бұйрық рай: «қозғал», «жүгіруді тоқтат». Жайылма сөйлем құру.	Интонация, қимыл арқылы бейнелеу. Қазақ тілі: Қазақ дыбыстары: ү түлкі. Жай сөйлемдер: «Түлкі қашып кетті». Лепті сөйлемдер: «Түлкі келді!»	Қасқырдың дауысын интонациямен жеткізу. Қазақ тілі: Қ, ғ дыбыстарын ажырату: қасқыр тақап. Хабарлы сөйлем құру: «Қасқыр жүгіріп келеді».	Көркем әдебиет: Табиғатты қорғау туралы әңгіме тыңдау. Кейіпкерлерді рөлге бөліп көрсету. Қазақ тілі: Қазақша дыбыстарды анық айту: о, ұ, ғ, қ. Лепті сөйлем: «Табиғатты қорғайық!»
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	Қаңтар айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасакталған				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сұрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-ролдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Математика негіздері: Жануарлардың пішіндерін салыстыру (ірі кіші). Жұптап қою: екі қоян = екі қасқырға тең емес. 1-5 дейін санау. Қоршаған әлеммен таныстыру: Жабайы жануарлардың орманда өмір сүретіні. Жануарларға жақындамау қауіпсіздігі. Өз есімін, ата-анамның атын айту. Сурет салу: Жануарлардың ізін салу (қоянның нүктелі, аюдың үлкен). Мүсіндеу: Ермексаздан қоян бейнесін жасау: құлақтарын сөзу, денесін біріктіру. Жапсыру: Жабайы жануарлардың силуэттерін жапсыру. Құрастыру: Легомен «орман» құрастыру.	Математика негіздері: Аюдың көлемін салыстыру: үлкен кіші. Жиынды салыстыру: көп бал аз бал. Кеңістік: жоғары-төмен. Қоршаған әлеммен таныстыру: Аюдың өмір салты: қыста ұйықтайды. Аюдың табиғаттағы рөлі. Орманда өзін ұстау ережесі. Сурет салу: Қоян түстермен аю бейнесін салу. Мүсіндеу: Аюдың бас, дене, аяқ бөліктерін біріктіріп мүсіндеу. Жапсыру: Аюдың апанын жапсыру (қараңғы түстер). Құрастыру: Картон қораптан аю апанын жасау.	Математика негіздері: Түлкі силуэттерін өлшеміне қарай топтау. Заттарды жуандығына қарай салыстыру: жіңішке-жуан. 1-5 реттік санау. Қоршаған әлеммен таныстыру: Түлкінің әдеті: ін қазады, өте сак. Жануарлардың бір-біріне қалай тәуелді екенін түсіндіру. Сурет салу: Түлкінің қызғылт-сары түсін қолдану. Мүсіндеу: Ермексаздан түлкінің ұзын құйрығын жасау. Жапсыру: Түлкінің силуэтін жапсырып көлеңкесін бейнелеу. Құрастыру: Лего бөлшектерімен орман жолын салу.	Математика негіздері: Қасқырдың ізін салыстыру (үлкен-кіші). «Көбірек-азырақ» ұғымын беру. Кеңістік: алда-артта. Қоршаған әлеммен таныстыру: Қасқырдың топпен жүретінін түсіндіру. Жабайы жануарларға тимеу ережесін бекіту. Сурет салу: Қара-сұр гуашьпен қасқыр бейнесін салу. Мүсіндеу: Қасқырдың ұзынша дене пішінін жасау. Жапсыру: Қасқырдың орман жолындағы көрінісін жапсыру. Құрастыру: Картоннан «орман соқпағы» құрастыру.	Математика негіздері: Жануарлар тобын салыстыру: көп-аз. Пішіндерден жануар құрастыру: сопақ, үшбұрыш. Уақыт: таңертең-күндіз-кеш-түн. Қоршаған әлеммен таныстыру: Табиғатты қорғау ережелері. Жануарлар үшін қауіпсіз орта құру. Жолда жүру, қауіпсіздік ережелерін қайталау. Сурет салу: «Ормандағы жануарлар» сюжеттік сурет. Мүсіндеу: Жабайы жануарлардың ұжымдық композициясын жасау. Жапсыру: Орман бөліктерін құрастыру: ағаштар, бұта, жануарлар. Құрастыру: Табиғи материалдардан «орман макетін» жасау.

Балалармен жеке жұмыс	Айлин мен жұмыс қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениетінің ережелерін білуді үйрету.	Томириспен жұмыс қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, тұрмыстық заттарын, олардың қандай материалдан жасалғанын білуге үйрету.	Шапағатпен жұмыс қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, тұрмыстық заттарын, олардың қандай материалдан жасалғанын білуге үйрету.	Айдай мен жұмыс ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.	Әмір мен жұмыс кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауды үйрету.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	«Аю қыстауға дайындалады» Міндеті: Күш пен төзімділікті дамыту, үлкен қозғалыс бұлшықеттерін жетілдіру. Шарты: Балалар «аюлар» болып, «жем» (доп, кубик) жинап, өз «індеріне» (шеңбер ішіне) апарып қояды.	«Жаңбыр тамшылары» Міндеті: Есту қабілетін дамыту, музыкалық ырғақты сезіну. Шарты: Музыка жай ойнағанда — балалар жай жүреді, қаттырақ ойнағанда — жүгіріп қозғалады. Музыка тоқтаса — қатып қалады.	«Жолмен жүреміз» Міндеті: Тепе-теңдікті сақтау, дәл жүріске дағдылану. Шарты: Балалар арқан немесе сызылған сызық бойымен құлап қалмай жүреді. Тәрбиеші кейде бағытты өзгертеді	«Жаңбыр тамшылары» Міндеті: Есту қабілетін дамыту, музыкалық ырғақты сезіну. Шарты: Музыка жай ойнағанда — балалар жай жүреді, қаттырақ ойнағанда — жүгіріп қозғалады. Музыка тоқтаса — қатып қалады.	«Аю қыстауға дайындалады» Міндеті: Күш пен төзімділікті дамыту, үлкен қозғалыс бұлшықеттерін жетілдіру. Шарты: Балалар «аюлар» болып, «жем» (доп, кубик) жинап, өз «індеріне» (шеңбер ішіне) апарып қояды.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта қиетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				

Кешкі ас	Ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сұрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суга қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы
Балалардың үйге қайтуы	Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сұрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру
	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, колөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қалағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) Өнегелі 15 минут